

## Шырақбек атамизды еске алды

Өткен бейсенбіде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Шырақбек атамиздың туғанына 109 жыл толуына орай салтанатты еске алу шарасы өтті.

Ардақты есімді қастерлеген Академияның басшылары және жеке құрам, курсанттар атамиздың ескерткішінің басына гүл шоғын қойып, тағзым етті.

Салтанатты іс-шараны Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Төлегенұлы Қаппасов еске алу алғысөзімен бастады:

- Армысыздар, құрметті офицерлер мен курсанттар, қадірлі қонақтар! Бүгінгі өткізіліп отырған шара, Генерал Шырақбек Қабылбаев ағамыздың туған күніне арналады. Аса көрнекті мемлекет қайраткері, Абралы ауданынан шыққан тұңғыш генерал-лейтенант, Қазақ республикасында екі рет ішкі істер министрі болды. Бүкіл Кеңес Одағының абыройлы мақтанышы бола білді. Халқына жасаған адал еңбегі үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, басқа да медальдармен марапатталған.

Шырақбек Қабылбайұлы өз өмірінің 16 жылын Орталық Комитеттегі басшы қызметке арнады. 25 жыл ішкі істер министрлігінде, оның 12 жылында министр болып жұмыс жасады.

Әрбір ішкі істер органдарының қызметкері, әрбір курсант білегінің күші мен жүрегінің қызуын жұмсап, Отанымызды гүлдендіруге міндетті.

Міне, сонда ұстаз, ағартушы, мемлекет қайраткері құрметті ағамыз



Шырақбек Қабылбайұлының арманы іске асты деп санай аламыз, - деді Ербол Төлегенұлы.

Алғысөзден кейін салтанатты іс-шараға қатысқан қонақтар да атамиз туралы жылы лебіздерін білдіріп, еске алды.

Қонақтардың еске алу сөздерінен кейін салтанатты қадаммен ескерткіш басына гүл шоғы қойылып, курсанттар салтанатты шерумен саптық алаңда жүріп өтті.

**ҚР ИІМ Ш. Қабылбаев ат. академияның баспасөз қызметі**

## Бітімгершілік рәсімінің маңызы зор

**Келісім түбі – кешірім. Бұл сөз медиаторлардың, адвокаттар мен нотариустардың қатысуымен тараптарды бітімгершілікке келтіруге бағытталған бүгінгі қолданыстағы азаматтық процестік кодекс негізін көрсетеді.**

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев үнемі татуластыру рәсімі саласындағы отандық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру арқылы елімізде инвестициялық ахуал мен іскерлік белсенділікті жақсарту қажеттігін, дауды сотқа дейін шешудің маңыздылығын айтып келеді.

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер қарқынды жүріп жатқан кезеңде сот ісін жүргізудегі бұл жаңалықтар уақтылы әрі маңызды бастама. Бүгінгі күрмеуі қиын даулы мәселелерді шешу тараптардың өз еркімен, жеке жауапкершілікпен жүзеге асырылуы керек.

Өткен жылдар жұмыс нәтижесі және даулары бітімгершілікпен аяқталған тараптар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысын сараласақ, тараптардың келісімге келу арқылы дауын шешу сот талқылауына қарағанда екі жаққа бірдей тиімді екенін көрсетіп отыр. Себебі, медиация нәтижесі олардың мүдделеріне сай әділ нәтиже.

Өткен 2016 жылы Қостанай облысы соттарында қылмыстық істер санының 23,5 пайызы, яғни 923 қылмыстық іс, азаматтық істердің 9,5 пайызы, яғни 1902 іс, әкімшілік істердің 3,8 пайызын құраған 893 әкімшілік іс бітімгершілік рәсімдерін қолдану арқылы қаралған. Бұл соттарда қаралған істер санының 7,9 пайызын құрап отыр.

Республикада заңнамаларды шыңдауға бағытталған тұрақты жұмыстың нәтижесінде медиация институты қылмыстық-құқықтық жанжалдар мен азаматтық-құқықтық дауларды тиімді шешудің баламалы түрі ретінде жалпы құқықтық саясатқа етене еніп келеді.

2017 жылдың 26 қаңтарынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қ. Мәмидің өкімімен даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы ереже бекітілді.

Аталған құжат тұрғындар арасында талқылануда. Көпшілікті міндетті «медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу» термині алаңдатады. Алайда, бұл міндет балаларға қатысты: тұрғылықты жерін анықтау, араласу, қамтамасыз ету сынды дауларды, еңбек даулары, мұрагерлік, жер дауы, пәтерге су ағызу, үйден шығару кондоминиум мәселесі, неке бұзу және мүлікті бөлу, несие келісім-шарты және сақтандыру мәселелеріне қатысты азаматтық істерді қарайтын судьяларға жүктелетінін атап өту керек.

Медиация жұмыс істеуде және күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды. Дегенмен, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар, медиаторлардың кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы жұмысты пысықтаған жөн. Бұл алдымен медиатор болам деген азаматтарға арнап оқу семинарларын ұйымдастырудан басталса керек.

Өзекті мәселелердің бірі – медиаторлар мен бітімгершілікке келтіруші судьялардың психологиялық тұрғыдан дайындығы. Еш жағдайда тараптарға дауды медиациямен шешуді күштеп таңуға болмайды, бұл олардың қарым-қатынасын одан әрі ушықтыруы мүмкін.

Өзгені сабырлық танытып тыңдай білу, түсіністікпен қарап келісімге келу даналықтың белгісі.

Денсаулыққа, жүйкеге зиян келтірмей, материалдық шығынға ұшырамай әлеуметтік тепе-теңдікті орнату қанатқақты жобаның мақсаты.

**Г. АРТЫҚБАЕВА,**  
**Қостанай облыстық сотының судьясы**

## Теория және тәжірибенің үздіксіз байланысы

**Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қ.) 2017 жылғы қаңтар айынан бастап арнайы алғашқы оқыту курсындағы, кәсіптік қолданушылардың ісі бойынша учаскелік инспекторлары, учаскелік полиция инспекторлары, жедел қимылдайтын арнайы жасақ санаттары бойынша «орта басшы құрам» тағылымдамашылары білім алады.**

Тәжірибелік қызметкерлерді тарту кестесіне сәйкес, оқу кезеңінде дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтарға Қостанай облысы ІІД ӘПБ, ЖҚАЖ және Қостанай қаласы ІІБ қызметкерлері шақырылды.

Кәсіптік қолданушылардың ісі жөніндегі учаскелік инспекторлары орта басшы құрам санаты бойынша арнайы алғашқы оқыту курсындағы тағылымдамашыларға «Кәсіптік қолданушылардың құқығына қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбы бойынша тәжірибелік сабағына Қостанай қаласы ІІБ-ның Оңтүстік полиция бөлімінің ЖПҚ ювеналды полицияның кәсіптік қолданушылардың ісі бойынша инспекторы полиция капитаны Жанара Маратқызы Хұсниязова шақырылды.

Панасыз және қадағалаусыз балаларды ескертуге және кәсіптік қолданушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға тағылымдамашылардың басты назарын аударды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің «Кәсіптік қолданушылардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық» деп аталатын 12-тарауының кейбір баптарына: атап айтқанда

127-бабы «Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәсіптік қолданушыларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы», 128-бабы «Кәсіптік қолданушы адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту»,

131-бабы «Кәсіптік қолданушы адамды масаң күйге дейін жеткізу», 132-бабы «Кәсіптік қолданушылардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру», 133-бабы « Он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бұйымдарын сату және олардың сатуы» толық талқыланды.

Қостанай қаласы ІІБ-ның Оңтүстік полиция бөлімі ЖПҚ ювеналды полициясының кәсіптік қолданушылардың ісі бойынша инспекторы полицияның аға лейтенанты А. Бейсенова тағылымдамашыларға кәсіптік қолданушылардың құқық бұзушылықтарын қалай анықтау керектігін, есепке қою және алдын алу жұмыстары мен тізімдік есепті жүргізуді түсіндірді. Алдын алу есепте тұрғандардың бекітілген шектеулерді ұстануына және жүктелген міндеттерін орындауына жүйелі түрде бақылаудың жүргізілуі алдын ала бақылауға жататындығын айтты. Адамдарға алдын алу бақылауын орнату үшін алдын алу істерінің қозғалатынын түсіндірді. Тағылымдамашыларға көрнекті ретінде әкімшілік істерді көрсетіп, істерді рәсімдеудің тәртібін жеткізді.

Арнайы алғашқы оқыту курсының кәсіптік қолданушылардың ісі жөніндегі учаскелік инспекторлары «орта басшы құрамның» санаты бойынша тағылымдамашыларымен бірге «Айырықша күту режімі бар және әуемсерлік мінез-құлқы балаларға арналған арнайы білім берудегі КТБО қызметін

ұйымдастыру» туралы тақырыбына сәйкес Қостанай қаласының ІІБ-ның Бейімделу орталығына тәжірибелік шығу сабағы өткізілді. ҚМУ «КТБО-ның» әлеуметтік қорғау және бала құқығын сақтау жөніндегі орынбасары С. Наурызбекова ханым кәсіптік қолданушылардың қабылдауды және уақытша күтуді қамтамасыз ететін кәсіптік қолданушылардың Бейімделу орталығының жұмысы туралы айтып көрсетті.

Орталықта ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін, олардың уақтылы жұмыспен қамтылмауының жағдайында, сонымен қатар, қамқорлық органы және ата-анасының немесе қамқорлықта қалған басқа да адамдар тарапынан балалардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төнгенде, ата-анасының немесе олардың орнын басатын адамдардың қамқорлығынан тыс қалған, арнайы білім беру ұйымдарына бағытталған, қатыгез қатынастың салдарынан өмірлік қиын жағдайға тап болған үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қараусыз және бақылаусыз қалған балалар өмір сүреді.

Учаскелік инспектор белгілі бір аумақтағы ІІО-ның уәкілетті өкілі болып табылады. Ол ІІО қызметкерлерінің арасында халыққа ең жақын орналасқан, ІІО аппараты мен бөлімшелерінің тәжірибе тұрғысында барлық қызметінің құзыретіне кіретін тапсырмалар мен міндеттемелерін орындайды. Учаскедегі учаскелік полиция қызметкерлері жұмыстарының қыр-сырын анықтау үшін, кәсіптік қолданушылардың ісі жөніндегі учаскелік инспекторлары орта басшы құрам санаты лауазымына арнайы алғашқы оқыту курсына тағылымдамашылар Қостанай

қаласы, ІІБ ЖПҚ «Жағалау» тірек бекетіне барды.

Әкімшілік бөліністе тағылымдамашыларды Қостанай қаласы, ІІБ ЖПҚ жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Е. Вайсов күтіп алды.

Ол ІІО учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің құқықтары мен міндеттерін, жұмысты ұйымдастырудың негізгі бағыттарын, тапсырмаларын, қағидаларын айқындайтын ІІО учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілері қызметінің тәртібі туралы ережелерді түсіндірді.

Полиция капитаны Е. Вайсов полицияның учаскелік бекетінің учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің, кәсіптік қолданушылар жөніндегі учаскелік инспекторларының, ІІО-ның өзге де қызметкерлерінің және бекітілген әкімшілік телімдегі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың, сонымен қатар, азаматтарды қабылдауды, құқық бұзушылар мен алдын алушыларды жеткізуді жүзеге асыратын адамдардың қызметін ұйымдастыруға арналған ІІО-ның ресми ғимараты екендігіне ерекше көңіл аударды.

Арнайы алғашқы оқыту курсының жедел қимылдайтын арнайы жасақ орта басшы құрам санаты бойынша тағылымдамашылар Қостанай облысы ІІД ӘПБ ЖҚАЖ ротасының 2-взвод өміршісі полиция майоры В.Тимошкин «Күдікті адамдар мен көлік құралдарын тексеру кезіндегі полиция қызметкерлерінің іс-әрекеті» тақырыбы бойынша сабақ өткізді.

ЖҚАЖ қызметкерлері күдікті адамдарды тексеру кезінде ұсталып

жатқан адамның ауыр қылмыс жасағаны үшін іздеуде болуы мүмкін екенін, сондықтан олардың қашып кету үшін барлығына дайын екендігін алдын ала болжау қажеттігін назарға салды.

Қызметкерлер, ұсталған адамның қоян-қолтық күрес тәсілдерін білуі мүмкін деген ойға сүйенуге тиісті. Сондықтан ЖҚАЖ жауынгер мен оны сақтандырушы әріптесі барынша түрде қырағы және шабуылдың кез келген түріне төтеп бере алатындай болуы керек. В.Тимошкин қызметкердің қызметті атқарып жатқан кезде қырағылықты көрсетіп, тұтқылдан жасалған шабуылдың болу мүмкіндігін жою мақсатында сақтық шараларын жүргізу қажет екенін ерекше атап кетті.

Тәжірибелік қызметкерлер шындыққа жанасатын тәжірибелік сабақтарды өткізуге қол ұшын тигізеді.

Қатаң шарттарда, экстремалды жағдайда қызметкерлер үшін жоғары кәсіпқойлық, өнегелі тазалық және борышына адалдық, тұрақты қырағылық пен елгезектік, жалпы мәдениет пен азаматтық жауапкершіліктің дамыған сезімі сияқты қасиеттер өте қажет.

Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қ.) оқытушы құрамы тәжірибелік қызметкерлермен бірге біздің қабырғамыздағы оқуды аяқтағаннан кейін, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатарын толтыратын жас қызметкерлерді оқытуға және тәрбиелеуге барлық күш-жігерін салуда.

**Б. ЖАНТАСОВА,**  
**Оқу орталығы Арнайы пәндер циклының бастығы полиция подполковнигі**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:**



## Көктемгі су тасқынына дайындық

Осы жылдың 9 және 10 наурызында Қостанайда «Көктем-2017» атты Республикалық командалық-штабтық оқу жаттығуы өтті.

Бұл оқу-жаттығуға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Төтенше жағдайлар мәселесіне жетекшілік ететін бірінші орынбасары Асқар Мамин және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жедел жоспарлау департаментінің бастығы полиция генерал-майоры К.С. Тыныбеков қатысты.

Бұл жаттығуда «Өрт сөндіру қызметі және апаттан-құтқару жұмысы бойынша» ММ, сауда және азық-түлік жөніндегі қызметі, медициналық қызметі, энергетика және ЖММ жөніндегі қызметі, иженерлік қызметі, жануарларды қорғау жөніндегі қызметі, жол және көпір жөніндегі қызметі, Ұлттық ұланның әскери бөлімі, көліктік қызмет, сонымен қатар Академияның азаматтық қорғау кешендік командасы, төтенше жағдайлар бойынша ескерту және жою, апат аймағында қалған адамдарды іздестіру, эвакуациялау және уақытша аудандарға орналастыру



бойынша бірлескен іс-әрекеттері орындалды.

Жаттығу барысында азаматтық қорғау кешендік командасының міндеті - апат аймағындағы тұрғындарды және олардың құнды заттарын эвакуациялау барысында тонауды болдырмау мақсатында қоғамдық тәртіпті сақтау.

Арнайы-тактика жаттығуының өткізілу сапасын республикалық және облыстық комиссия өкілдері бағалады.

**Академияның ЖЖҮБ және оқу-саптық бөлімшесі 1-курс басшылығы Суреттерді түсірген С. Камалов**

## Мерекеге арналған іс-шара

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні бұрыннан келе жатқан айтулы мейрам. Осы жарық дүниенің есігін ашқызың аналарымыздың және болашақ аналардың мейрамы.

Бұл мейрамда барлық жерлерде әйелдер қауымын құттықтап, ізгі тілектер айтылады. Біздің академия қабырғасында да курсанттарымыз қыздарды жоғары дәрежеде құттықтады.

1-курс курсанттары курс қыздарына ерекше концерттік іс-шара өткізді. 71 қызға арнап алынған раушан гүл шоқтарын 71 ұл саптық алаңда сыйға тартып, қыздарды қолдарынан ұстап концертке алып кірді. Осындай керемет сезіммен келген қыздардың көңіл-күйі мен ризашылықтары жарқырап жүздерінде тұрды.

Концертті 1-курс бастығы полиция подполковнигі А.Тажмұханов курс қыздарына құттықтау сөзімен ашты. Концерт барысында 1-курс ұлдары



би билеп ән шашумен шектелмеді. Олар қыздарға арнап бейнеқұттықтау жазған. Сонымен қатар әзілді көріністері де барлығының көңілінен шықты. Қонаққа келген оқу топтарының кураторлары да 1-курс қыздарын мейрамдарымен шын жүректен құттықтап, жылы лебіздерін жеткізді. Концерт соңында 1-курс бастығы полиция подполковнигі А.Тажмұханов сахна төріне шығып, әр оқу топтарының қыздарына командирлерімен бірігіп жұмсақ аю ойыншығын сыйға тартты.

1-курс ұлдарының осындай құттықтау жасауына, біріншіден, курс бастығы полиция подполковнигі

А.Тажмұханов пен курс бастығы орынбасарларының жасаған жағдайлары мен көмектері зор. Қыздардың тамаша көңіл-күйге бөленіп, өздерінің мейрамдарын шынайы сезінгендерін мақсат еткен курс ұлдары мақсаттарына жете білді. Отбасыларынан жырақта жүрген қыздарымыз бұл академия қабырғасында жалғыз емес екендіктері, олардың қастарында қорғаныш болатын курстас ұлдары әрқашанда қастарында төрт жыл бойы болатындықтарын ұғынды. Осыдан 1-курс курсанттарының арасында достық пен ұйымшылдық бөріненде жоғары тұрғандықтары көрінеді. Осы ұйымшылдық енді 1-курс курсанттары арасында төрт жыл бойы біріктіре ұстайтын және олардың бір ерекшеліктері болатындықтарына сенеміз.

**Академия курсантарының баспасөз қызметі, 1-ші курс курсанттары**

## Ұстазға құрмет

Бүгінде ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы академия қызметкерлері мемлекеттік тілді білу деңгейін арттыру мақсатында қазақ тілі сабағына барып жүр.

Оларға қазақ тілін белгілі ұстаз, білікті маман Айтқұл Масақбайқызы жүргізеді. Иә, мамандық пен кәсіптің түрі көп. Бәрі де керек. Барлығы да өзіндік маңызға ие. Алайда, соның ішінде ұстаздың еңбегі ерекше қадірлі. Сондықтан да барша адамзат баласы ұстазды зор құрмет тұтады, оның ісін айрықша бағалайды.

Осының бір жарқын үлгісін академия басшылығы танытты. Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Төлегенұлы Каппасов Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай тамаша педагог Айтқұл Масақбайқызын басшылық құрамның атынан арнайы құттықтап, картина мен көктем нышаны - қызғалдақ гүлін сыйға тартты.

Ұстазға қазіргі атқарып жүрген қызметінде



шығармашылық табыс тілеп, алдағы уақытта да қызметкерлердің қазақ тіліне деген қызығушылықтарын оятып, білімдерін шындай беруіне тілектестік білдірді.

**Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ, Академияның Мемлекеттік тіл бөлімшесінің бастығы**

## Пара алмасаң, жазаға да тартылмайсың

Сыбайлас жемқорлықпен күнделікті жүргізіліп жатқан күреске қарамастан қазіргі қоғамда пара алу қылмыстың ең көң таралған түрі болып табылады. Онымен күресу үшін мемлекет оны жоюдың неғұрлым жаңа және тиімді тәсілдерін енгізіп жатыр.

Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ақпараттандыру үшін Өрт сөндіру қызметінің мәжіліс залында «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет ету мәтінінде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдар. Мінез-құллықтың әдеп стандарттары» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізін бұзады және азаматтардың құқығын кемсітеді». Заңды қорғауға тиісті тұлғаның өзі жасаған кезде пара алу тіптен қауіпті. Мысалы Қытайда өткен жылы пара алғандары үшін 10 мың шенеунік өлім жазасына кесілді, Иран елінде де ұрлық үшін кінәліге заң бойынша қолын шауып тастау жазасы кесіледі. Ал біздің елде пара алу



оның сомасынан 50 есе көлемінде айыппұлмен немесе түрмеде отырумен жазаға тартылады» - деп атап өтті Қостанай облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілі Жакупова Гульмира.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің бас маманы Сармұлдаев Ермек қатысушыларды ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексімен белгіленген нормаларды сақтауға баса назар аударуға шақырды. «Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін,

мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұру керектігін ұмытпау керек».

Көрнекілік үлгі ретінде соңғы уақытта Қостанай облысында орын алған шынайы оқиғалардың негізінде түсірілген ең ірі және шулы істердің заң бұзушылық салдары бейнеленген деректі фильм ұсынылды. Түрмеде отырып өздерінің істеген істеріне өкінген шенеуніктер, ақша жымқырудың небір құйтырқы түрлері, қылмыскерлерді ұстау сәтінен бейнежазба және фильмде бұдан да басқа толып жатқан көріністер көрсетілді.

Аталмыш кездесу азаматтық қорғау органдары қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту ісінде пәрменді болып қала береді деген үміттеміз.

**«Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ баспасөз-қызметі**

## Жадыраған көктем мерекесі

ҚР ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қ.) 8 наурыз мерекесі құрметіне Ішкі істер қызметіне өмірлерін арнаған, сонымен бірге Ішкі істер органдарындағы жастарды тәрбиелеуге үлестерін қосқан нәзік жанды ардагерлердің қатысуымен салтанатты мерекелік іс-шара өткізілді.

Іс-шара әдеттегідей Гимнен басталды. Оқу орталығының бастығы ардагерлер мен қызметкер әйелдерді көктемнің алғашқы күндеріндегі мерекелену құттықтап өзінің тілегін айтты. Осы мерекелік іс-шарада Ішкі істер органындағы қызметте ерекшеленген ару қыздарымыз марапатталды.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер органында 1945 жылдан 1984 жылға дейін адал қызмет еткен ардагеріміз Данил Айтмаханұлы Надырбаев 89 жасқа келседе, Оқу орталығына келіп, қызметкерлерді және арнайы алғашқы оқыту курсындағы тағылымдамашыларды құттықтап,



өзінің әр түрлі тілдегі әнін сыйлап, оқуда жақсы нәтиже көрсеткен тағылымдамашыларға өз қолынан марапаттарды берді.

Қонақ болып келген ардагер ханымдарға гүл шоқтарын және сыйлықтар сыйлады. Іс-шараның соңында тағылымдамашылардың домбырамен, гитарамен концерттік бағдарламаларын тамашаладық.

**Г. ДОСТОЯРОВА, ҚР ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ.)**

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**